$$\{k_n\sigma_z^{n-2}[\ddot{\varphi}+2i\omega\dot{\varphi}-\left(\omega^2+\omega_0^2\right)\varphi]+\alpha_n\dot{\varphi}+\left(\beta_n+2i\omega\right)\varphi\}S_{z\upsilon}+$$
$$+\{(n-2)k_n\sigma_1^2\sigma_z^{n-4}[\ddot{\varphi}+2i\omega\dot{\varphi}-(\omega^2+\omega_0^2)\varphi]\}S_z=0 \quad (9)$$

где

$$K_n=(n-1)!!\ \sigma_z^2=\int_{-\infty}^{\infty}S_z(\omega)d\omega \quad , \quad \sigma_1^2=\int_{-\infty}^{\infty}S_{z\upsilon}(\omega)d\omega \quad (10)$$

Неизвестные константы σ_z^2 и σ_1^2 имеет смысл дисперсии и ковариации процессов $z(t)$ и $V(t)$ на участке стационарности, т.е. при $t \to \infty$. Нетрудно убедиться, что если стационарный режим для случайных вариаций $\upsilon(t)$ существует, то функция $\varphi(\omega, t)$ при t,стремящемся к бесконечности, должна приближаться к единице:

$$\lim_{t\to\infty}\varphi(\omega,t)=1$$

В этом случае для спектральной плотности выполняется соотношение

$$S_{z\upsilon}(\omega)=\frac{(n-2)k_n(\omega^2+\omega_0^2)\sigma_i^2\sigma_z^{n-4}}{\beta_n-k_n\sigma_z^{n-2}(\omega^2+\omega_0^2)+i2\omega\alpha_n}S_z \quad (11)$$

Как следует из уравнения (9), эволюция статистических характеристик случайных отклонений $\upsilon(t)$ во времени полностью определяется законом изменения функции $\varphi(\omega, t)$. Например, дисперсия и ковариация процессов выражаются через $\varphi(\omega, t)$ по формулам:

$$\sigma_u^2(t)=\int_{-\infty}^{\infty}S_\upsilon(\omega)|\varphi(\omega,t)|^2d\omega$$

$$\sigma_{z\upsilon}^2(t)=\int_{-\infty}^{\infty}S_{z\upsilon}(\omega)\varphi(\omega,t)d\omega$$

где введено обозначение для модуля $|\varphi(\omega,t)|^2=\varphi(\omega,t)\varphi^*(\omega,t)$. Для решения уравнения (9) воспользуемся операторным методом. Переходя от функции$\varphi(\omega, t)$ к ее изображению по Лапласу

$$\varphi_*(\omega,s)=\int_0^{\infty}\varphi(\omega,t)e^{-st}dt$$

получим

$$\varphi^*(\omega,s)\{\{k_n\sigma_z^{n-2}[s^2+i2\omega s-(\omega^2+\omega_0^2)]+(s+i2\omega)\alpha_n+\beta_n\}S_{z\upsilon}+$$
$$+\{(n-2)k_n\sigma_1^2\sigma_z^{n-4}[s^2+i2\omega s-(\omega^2+\omega_0^2)]\}S_z\}=0 \quad (12)$$

Условия существования нетривиального решения для функции φ принимают вид

$$\{k_n\sigma_z^{n-2}[s^2+i2\omega s-(\omega^2+\omega_0^2)]+(s+i2\omega)\alpha_n+\beta_n\}S_{z\upsilon}+$$
$$+\{(n-2)k_n\sigma_l^2\sigma_z^{n-4}\{s^2+i2\omega s-(\omega^2+\omega_0^2)]\}S_z=0$$

или

$$S_{z\upsilon}=-\frac{(n-2)k_n\sigma_1^2\sigma_z^{n-4}[s^2+i2\omega s-(\omega^2+\omega_0^2)]S_z}{k_n\sigma_z^{n-2}[s^2+i2\omega s-(\omega^2+\omega_0^2)]+(s+i2\omega)\alpha_n+\beta_n} \qquad (13)$$

При заданной спектральной плотности $S_q(\omega)$ соотношение (13) можно проинтегрировать по ω и получить характеристические уравнение относительно параметра преобразование Лапласа s:

$$\sigma_1^2\{1+\int_{-\infty}^{\infty}\frac{\{(n-2)k_n\sigma_z^{n-4}[s^2-(\beta\omega^2+\omega_0^2)]+2i\omega(n-2)k_n\sigma_z^{n-4}s\}S_z d\omega}{k_n\sigma_z^{n-2}[s^2-(\omega^2+\omega_0^2)+\alpha_n s+\beta_n+2i\omega(k_n\sigma_z^{n-2}s+\alpha_n)}\}=0 \qquad (14)$$

Пусть спектральная плотность исходного процесса $z(t)$ выражается через δ – функцию

$$S_z(\omega)=\frac{\sigma_z^2}{2}\delta(|\omega|)-\omega_* \qquad (15)$$

где σ_z^2 - дисперсия, ω_* - несущая частота узкополостного воздействия с учетом выражения (15) характеристическое уравнение (14) принимает вид:

$$\alpha_0 s^8+\alpha_1 s^7+\alpha_2 s^6+\alpha_3 s^5+\alpha_4 s^4+\alpha_5 s^3+\alpha_6 s^2+\alpha_7 s+\alpha_8=0 \qquad (16)$$

где

$a_0=(n-1)^2\gamma^4$, $a_1=2n(n-1)\gamma^3\alpha_n$

$$a_3=2(n-1)\gamma^2\alpha_n[n\gamma(3\omega^2-\omega_0^2)+2\beta_n]+2\gamma\alpha_n[2(n-1)\gamma^2(\omega^2-\omega_0^2)+\alpha_n^2+n\gamma\beta_n]$$

$$a_4=[2(n-1)\gamma^2(\omega^2-\omega_0^2)+\alpha_n^2+n\gamma\beta_n]^2+2(n-1)\gamma^2\{[\gamma(\omega^2+\omega_0^2)-\beta_n][(n-1)\gamma(\omega^2+\omega_0^2)-$$
$$-\beta_n]+4\alpha_n^2\omega^2\}+2\alpha_n[2(n-1)\gamma^2(\omega^2-\omega_0^2)+\alpha_n^2+n\gamma\beta_n][n\gamma(3\omega^2-\omega_0^2)+2\beta_n]$$

$$a_5=2n\gamma\alpha_n\{[\gamma(\omega^2+\omega_0^2)-\beta_n][(n-1)\gamma(\omega^2+\omega_0^2)-\beta_n]+4\alpha_n^2\omega^2\}+2\alpha_n[2(n-1)\gamma^2(\omega^2-\omega_0^2)+\alpha_n^2+$$
$$+n\gamma\beta_n][n\gamma(3\omega^2-\omega_0^2)+2\beta_n]$$

$$a_6=\alpha_n^2[n\gamma(3\omega^2-\omega_0^2)+2\beta_n]^2+2[2(n-1)\gamma^2(\omega^2-\omega_0^2)+\alpha_n^2+n\gamma\beta_n]\{[\gamma(\omega^2+\omega_0^2)-\beta_n][(n-1)\gamma\times$$
$$\times(\omega^2+\omega_0^2)-\beta_n]+4\alpha_n^2\omega\}+4(n-2)^2\omega^2\gamma^2\beta_n^2$$

$$a_7=2\alpha_n[n\gamma(3\omega^2-\omega_0^2)+2\beta_n]\{[\gamma(\omega^2+\omega_0^2)-\beta_n][(n-1)\gamma\left(\omega^2+\omega_0^2\right)-\beta_n]+4\alpha_n^2\omega^2\}+8(n-2)^2\times$$
$$\times\omega^2\gamma^2\beta_n\alpha_n\left(\omega^2+\omega_0^2\right)$$

$$a_8=\{[\gamma\left(\omega^2+\omega_0^2\right)-\beta_n][(n-1)\gamma\left(\omega^2+\omega_0^2\right)-\beta_n+4\alpha_n^2\omega^2\}^2+4(n-2)^2\omega^2\gamma^2\alpha_n^2$$

$\gamma=k_n\sigma_z^{n-2}$

Вопрос об устойчивости или неустойчивости стационарного случайного процесса $z(t)$ решается в зависимости от характера корней уравнения (16). Корням с положительными вещественными частями в пространстве оригиналов $\varphi(\omega,t)$ соответствуют неограниченно возрастающие частные решения. Иследование стохастической устойчивости приводит, таким образом, к классической процедуре Рауса – Гурвица или др.

В рассматриваемом примере получается следующее аналитическое выражение для границы области неустойчивости при отсутствии в системе затухания

$$\omega^2 = \frac{\beta_n}{\gamma} - \omega_0^2 , \qquad \omega^2 = \frac{\beta_n}{(n-1)\gamma} - \omega_0^2$$

или

$$\omega^2 = \frac{\omega_0^2 N_n}{k_n \sigma_z^{n-2}} - \omega_0^2 \quad , \quad \omega^2 = \frac{\omega_0^2 N_n}{(n-1) k_n \sigma_z^{n-2}} - \omega_0^2 \tag{17}$$

Статистические характеристики процесса $z(t)$ определяется нелинейным преобразованием $X(t) = z^{n-1}$. Если $z(t)$ Гауссов процесс с нулевым средним значением то выходной процесс $z(t)$ имеет следуюшее значение среднего квадрата [3]

$$\sigma_x^2 = (2n-3)!!\sigma_z^{2(n-1)} \tag{18}$$

Граница области неустойчивости решении $\ddot{X}(t)$ определяется кривыми :

$$\omega^2 = \frac{l_n \omega_0^2 N_n}{\sigma_x^{\frac{n-2}{n-1}}} - \omega_0^2 , \; \omega^2 = \frac{l_n \omega_0^2 N_n}{(n-1)\sigma_x^{\frac{n-2}{n-1}}} - \omega_0^2 \tag{19}$$

где

$$l_n = \frac{[(2n-3)!!]^{\frac{n-2}{2(n-1)}}}{(n-1)!!}$$

По найденным выражениям (19) и (20) построен график зависимости ω от среднеквадратического отклонения системы σ_x при следующих значениях параметров (рис.1);

$$\sigma_q = 44 см/c^2 , n = 4 , a_1 = 6{,}25 \cdot 10^{-8} см^{-3} , a_2 = 15 \cdot 10^{-8} см^{-3} , H = 300 см ,$$

$$\omega_0^2 = 3{,}26 c^{-2} \; \varepsilon = 0{,}1078 c$$



Рис 1. Область неустойчивости стационарных решений на плоскости ω, σ_x

На рисунке 1 область неустойчивости представлена заштрихованными зонами. Жирными линиями построены резонансные кривые системы (1) [2]. Линия 1 – построена формулой (19), а линия 2- по формуле (20).

1. Бисембаев К. Колебания твердого тела на опорах качения со спрямленными поверхностями с учетом трения качения на релаксирующих грунтах // Вестник. Сер.«Математика-механика-информатика», КазНУ им. аль-Фараби, №1(56), 2008г., С.102-110, Алматы.
2. Бисембаев К., Жубаев С.Т. Вероятностные характеристики случайных колебаний твердого тела на виброопорах // Материалы 5-й международной научной конференции. – Актөбе, 2009. – С. 436-440.
3. Макаров Б.П. Нелинейные задачи статистической динамики машин и приборов. М.: Машиностроение, 1983, 262с.

УДК 37.01:378.096

Г.С. Боранкулова

СОДЕРЖАНИЕ УЧЕБНО- МЕТОДИЧЕСКОГО КОМПЛЕКСА «ИНФОРМАТИКА» ДЛЯ ГУМАНИТАРНЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ

(г.Тараз, Таразский государственный университет им. М.Х.Дулати)

Бұл мақалада «Информатика» оқу - әдістемелік кешенінің гуманитарлық мамандықтары үшін мазмұны және маңыздылығы қарастырылады. Оқу - әдістемелік кешені оқу –шығармашылығын ұйымдастыру үрдісінде әдістемемен қамтамасыз етудің негізі болып табылады. «Информатика» курсын оқып үйренуді болашақ маманның ақпараттық қоғамда кәсіби қызметі мен тіршілік әрекеті үшін ақпараттық құзырларын қалыптастыруда қажетті шарты болып табылады.

В статье рассматривается содержание и значимость учебно-методического комплекса «Информатика» для гуманитарных специальностей. Учебно-методический комплекс дисциплины, традиционно является основой организационно-методического обеспечения учебно–творческого процесса. Изучение курса «Информатика» - необходимое условие формирования информационных компетенций будущего специалиста для его профессиональной деятельности и жизнедеятельности в информационном обществе.

The article deals withthe content and significance of the methodical complex"Computer Science" for the humanities. Educational –methodical complex of the discipline is traditionally the basis of organizational – methodical supply of the academic – creative process. Studying the course "Computer Science" is a necessary condition for the formation of future specialists competence for his professional activity and career in the information society.

С быстрым темпом развития информационных технологий вся деятельность людей в большой степени зависит от их информированности, способности эффективно использовать информацию. Для свободной ориентации в информационном обществе современный специалист должен уметь получать, обрабатывать и использовать информацию с помощью компьютеров, телекоммуникаций и других средств связи. Поэтому предмет «Информатика» стала базовой дисциплиной в системе высшего образования и в комплексе с другими классическими дисциплинами призвана создавать фундамент профессионального образования в вузе [1].

На протяжении многих лет информатика являлась предметом, вводившим ребенка в мир информационных и коммуникационных технологий. Сегодня ситуация изменилась: разнообразные средства информационно-коммуникационных технологий доступны студентам в повседневной жизни, а также на многих дисциплинах. Как в этой связи должно измениться содержание курса информатики? Какое место в курсе информатики для высшей школы должно быть отведено изучению информационных и коммуникационных технологий?

В соответствии с требованиями ГОСО РК в содержании курса информатики высшей школы необходимо уделить внимание изучению фундаментальных основ информатики, формированию информационной культуры, развитию алгоритмического мышления, реализации общеобразовательного потенциала этого курса. При этом структуру содержания общеобразовательного курса информатики можно определить тремя укрупненными разделами: 1) информационные процессы; 2) алгоритмы и элементы программирования; 3) информационные технологии современного общества.

Курс «Информатика» является базовой дисциплиной, направленной на формирование у студентов целостного представления о компьютерной технологии, о дидактических основах создания и использования средств информационных технологий, использование программных инструментарий компьютерных технологий для работы на локальном компьютере и в сетях, способов и методов использования и создания информационных, коммуникационных ресурсов для эффективного применения в профессиональной деятельности [1].

Введение новых стандартов обучения в высшей школе влечет за собой естественным образом разработку новой типовой программы, разработку рабочей программы, силлабуса и соответственно им учебно-методического комплекса (УМК), в содержание которого входит лекционный, практический материал по курсу, задания для самостоятельной работы студентов (СРС), тестовые задания [2].

Преподавателями кафедры «Информационные технологии» разработан учебно-методический комплекс по информатике для гуманитарных специальностей на государственном и русском языках, который включает курс лекций, программу обучения по дисциплине для студента (силлабус), практический практикум, задания для самостоятельной работы студентов и тестовые вопросы для проведения итогового контроля, а также список использованной литературы. По курсу предусмотрено 15 лекционных, 12 практических занятий, а также 3 задания для самостоятельной работы студента, целью которой является повышение степени усвоения знаний и практических навыков работы на персональном компьютере.

Содержание лекционного материала раскрывает суть информатики и позволяет формировать все те знания и умения, которые необходимы человеку в информационном обществе для получения качественного образования в условиях информатизации образования.

В качестве базовых задач по информатике мы используем задачи из задачника-практикума, составителями которого являются С.Г.Семакин, А.У. Нуримбетов, Е.М. Кусмухамбетов [2].

Особого внимания заслуживает организация занятий СРСП. Здесь мы отводим огромную роль методам упражнения и решения задач. Опыт педагогов А.В. Брушлинского, В.В.Чебышевой, А.Ф.Эсаулова, И.О. Якиманской показывает, что способности развиваются в процессе формирования умений и навыков у обучаемых.

Основная цель учебно-методического комплекса «Информатика» отражается в освещении вопросов, касающихся базовых концепций информационных компьютерных технологий, изучению технологий и методов обеспечения функционирования информационной сети и применению полученных знаний для создания структуры информационных систем, обеспечивающей использование технологий Интернет.

Раскроем основное содержание учебно-методического комплекса «Информатика» для гуманитарных специальностей:

- Основные понятия информатики. Информатика как единство науки и технологии. Структура современной информатики. Место информатики в системе наук. Информация, ее виды и свойства. Носители данных.
- Основы дискретной математики. Булева алгебра. Функции, отношения и множества. Основы логики, логика высказываний, таблицы истинности. Графы и деревья.
- Основные понятия архитектуры ЭВМ. Обзор истории архитектуры компьютеров. Основные компоненты персонального компьютера (процессор, оперативная и долговременная память, устройства ввода и вывода информации), их функции и основные характеристики (по состоянию на текущий период времени). Гигиенические, эргономические и технические условия безопасной эксплуатации компьютера; программный принцип работы компьютера. Системы счисления. Перевод чисел из одной системы счисления в другую. Двоичная арифметика.
- Алгоритмическое решение задач, анализ алгоритмической сложности. Стратегия решения задач. Алгоритмы и поиск решений. Основные свойства и способы представления алгоритмов. Структурные элементы алгоритмов. Основные вычислительные алгоритмы: конечные автоматы; Машина Тьюринга; легко и трудно разрешимые задачи.
- Знакомство с языками программирования. Обзор языков программирования, классификация языков программирования. Основные конструкции программирования.
- Парадигмы программирования. Процедурное программирование. Концепции модульного и структурного программирования. Объектно-ориентированное программирование.
- Основные концепции операционных систем. Функции операционных систем. Основы работы с операционной системой, графический пользовательский интерфейс (рабочий стол, окна, диалоговые окна, меню). Оперирование компьютерными информационными объектами в наглядно-графической форме: создание, именование, сохранение, удаление объектов, организация их семейств. Стандартизация пользовательского интерфейса персонального компьютера.
- Стандартные приложения Windows. Примеры алгоритмов сжатия информации. Архивирование и разархивирование.
- Обзор современного прикладного обеспечения. Работа с пакетом MSOffice (Word, Excel, Access, PowerPoint). Текстовые документы и их структурные единицы (раздел, абзац, строка, слово, символ). Технологии создания текстовых документов. Создание и редактирование текстовых документов на компьютере (вставка, удаление и замена символов, работа с фрагментами текстов, проверка правописания, расстановка переносов). Форматирование символов (шрифт, размер, начертание, цвет). Форматирование абзацев (выравнивание, отступ первой строки, междустрочный интервал). Стилевое форматирование. Включение в текстовый документ списков, таблиц, диаграмм, формул и графических объектов. Гипертекст. Создание ссылок: сноски, оглавления, предметные указатели. Инструменты распознавания текстов и компьютерного перевода. Коллективная работа над документом. Примечания. Запись и выделение изменений. Форматирование страниц документа. Ориентация, размеры страницы, величина полей. Нумерация страниц. Колонтитулы. Сохранение документа в различных текстовых форматах [2].

- Электронные (динамические) таблицы. Работа с формулами. Относительные, абсолютные и смешанные ссылки. Выполнение расчетов. Построение графиков и диаграмм. Понятие о сортировке (упорядочивании) данных.
- Реляционные базы данных. Основные понятия, типы данных, системы управления базами данных и принципы работы с ними. Ввод и редактирование записей. Поиск, удаление и сортировка данных.
- Графические редакторы. Иерархия графического программного обеспечения. Компьютерное представление цвета. Компьютерная графика (растровая, векторная). Интерфейс графических редакторов. Форматы графических файлов.
- Мультимедиа. Понятие технологии мультимедиа и области ее применения. Звук и видео как составляющие мультимедиа. Компьютерные презентации. Дизайн презентации и макеты слайдов. Технические приемы записи звуковой и видео информации. Композиция и монтаж.
- Издательские системы.
- Основы защиты информации. Безопасность в компьютерных сетях. Антивирусная защита. Защита собственной информации от несанкционированного доступа. Компьютерные вирусы. Антивирусные программы.
- Компьютерные сети и телекоммуникации. Локальные и глобальные компьютерные сети. Интернет. Браузеры. Взаимодействие на основе компьютерных сетей: электронная почта, чат, форум, телеконференция, сайт. Информационные ресурсы компьютерных сетей: Всемирная паутина, файловые архивы, компьютерные энциклопедии и справочники. Поиск информации в файловой системе, базе данных, Интернете. Средства поиска информации: компьютерные каталоги, поисковые машины, запросы по одному и нескольким признакам; Создание Web-страниц. Гипертекстовый язык HTML.
- Информационно – коммуникационные технологии (ИКТ). Примеры применения ИКТ: связь, информационные услуги, научно-технические исследования, образование (дистанционное обучение, образовательные источники); основные этапы развития ИКТ.
- Возможности электронного правительства. Возможные неформальные подходы к оценке достоверности информации (оценка надежности источника, сравнение данных из разных источников и в разные моменты времени и т.п.). Формальные подходы к доказательству достоверности полученной информации, предоставляемые современными информационно-коммуникационными технологиями: электронная подпись, центры сертификации, сертифицированные сайты и документы и др.

В результате освоения представленного выше содержания студент научится и получит возможность:

• сформировать представления о программном принципе работы компьютера — универсального устройства обработки информации; о направлениях развития компьютерной техники;

• систематизировать знания о принципах организации файловой системы, основных возможностях графического интерфейса и правилах организации индивидуального информационного пространства;

• систематизировать знания о назначении и функциях программного обеспечения компьютера; приобрести опыт решения задач из разных сфер человеческой деятельности с применением средств информационных технологий;

• расширить представления о компьютерных сетях распространения и обмена информацией, об использовании информационных ресурсов общества с соблюдением соответствующих правовых и этических норм;

• проводить обработку большого массива данных с использованием средств электронной таблицы или базы данных;
• закрепить представления о требованиях техники безопасности, гигиены, эргономики и ресурсосбережения при работе со средствами информационных и коммуникационных технологий.

Таким образом, рассмотренный учебно-методический комплекс по информатике, готовые и разрабатываемые компьютерные средства, позволяют вести речь о достаточной учебно-методической обеспеченности дисциплины «Информатика» для студентов гуманитарных специальностей в условиях введения новых образовательных стандартов. Возрастающая роль информатики в образовании, процессы информатизации общества и образования требуют от выпускников гуманитарных специальностей владения современными средствами информационно-коммуникационных технологий, обладания информационной культурой, быть информационно и коммуникационно компетентным и уметь применять полученные знаний, умения и навыки в профессиональной деятельности, что еще раз подчеркивает необходимость общеобразовательной подготовки студентов гуманитарных специальностей по информатике в целом [2].

1.Бешенков С.А. Курс информатики в контексте новых образовательных результатов / С.А. Бешенков // Информатика и образование. — 2008. — №9. — С. 17–22.
2. Нуримбетов А.У., Кусмухамбетов Е.М. Информатика, ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялар жүйесі. Оқу құралы. Алматы,2012.

ӘОЖ 378.016.02:004:005.584.1(574)

Б.Ғ. Бостанов, А.С. Мухамеджанова

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАСАЛЫНАТЫН МОНИТОРИНГТІҢ МӘНІ

*(Абай атындағы ҚазҰПУ, * - магистрант)*

Бұл мақалада мониторинг туралы мәлімет толығымен баяндалып, білім беру жүйесінде жасалынатын мониторингтің мәні жан-жақты талданып, оның қызметі, міндеті және түрлері көрсетілген. Сонымен қатар, жалпы негізгі мәселелердің бірі білім сапасын арттыруда оқыту үдерісінің әр түрлі қырларын талдауда мониторингтік зерттеудің басты құралдардың бірі болып табылатындығы туралы, сондай-ақ, мониторингті ұтымды қолдану білім алушының білімге деген қызығушылығы мен білігтілігін арттыратындығы туралы айтылған.

В статье рассмотрен вопрос о мониторинге. Проанализированы мониторинговая деятельность, виды мониторинга и задачи мониторинга в системе образования. Мониторинговое исследование является основным инструментарием повышения уровня образования. При этом эффективное использование мониторинга в обучении развивает интерес обучающихся и повышает их квалификацию.

The information in this article completely set out. The activity and monitoring types was also examined. The purposes of monitoring in education system was analyzed. The monitoring research is the main implement for education level improvement. With this the effective usage of monitoring expands the interest of students and increase the qualification.

Қазіргі мектеп барған сайын білім сапасын жетілдіруге, оқыту үрдісінде бірінші кезекте оқушыға мән беруге, оның талабын, сұранысын, қызығушылығын қанағаттандыруға баса көңіл аударып келеді.

XXI ғасырда ғылыми-техникалық прогресс ғасырында қоғамның қызмет аумағына ақпараттық коммуникациялық технологиялардың белсенді түрде енуіне байланысты әлемдік қоғам өзінің даму тарихында ақпараттық қоғам болып қалыптасты. Осыған сәйкес 2020 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарында барлық білім беру жүйесін ақпараттандыру бағыттары анықталды. Сонымен қатар, «... білім беру сапасын бақылау тетіктерін жетілдірумен сүйемелденетін болады» деп атап көрсетілді. Сол себепті білімді ақпараттандыру жағдайында оқушылардың білімін бақылау мен бағалау, яғни мониторинг жасауды ұйымдастырудың әдістемелік негіздерін жасау маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Яғни, соңғы жылдары білім беру жүйесінде ерекше көңіл аударылып отырылған мәселеле - мониторинг жұмыстары.

Мониторинг дегеніміз не латын тілінен аударғанда (еске түсіруші, қадағалаушы) қоршаған ортаны адам қызметімен байланысты бақылау, бағалау, болжамдау деген мағынаны білдіреді. Жалпы мониторинг жұмыстарын төмендегідей топтау арқылы түсінік беруге болады:

- Белгілі бір саладағы маңызды мәселелер бойынша жүйелі және үздіксіз ақпарат жинақтау әрекеті.
- Белгілі бір жүйе, оның элементтері жайлы сараптама жасауға мүмкіндік беретін мәліметтерді жинау, өңдеу, сақтау және тарату жүйесі.
- Нақтылау және түзету енгізу үшін жүзеге асырылатын процесс жағдайы, дамуы туралы ғылыми негізде үздіксіз қадағалау жүйесі.

Мониторинг – пән мазмұнына, ғылыми мамандығына байланыссыз ойлау қызметінің әмбебап (универсальды) типі. Мониторинг әрекет барысына түзетулер енгізу, елеулі проблемаларды, олардың себептерін анықтау, оларды шешуге ықпал ету, аралық міндеттерін орындалу сапасын анықтау, түпкілікті нәтижені болжау, сауатты түрде басқарушылық шешімдер қабылдау секілді қызметтер атқарады. Мониторингтің педагогикалық, әлеуметтанымдық, психологиялық, медициналық, экономикалық, демографиялық деген түрлері бар.

Мониторинг – ұзақ уақыт белгілі бір мақсат негізінде жинақталған, сақталған ақпараттарды өңдеу, субъектілерді ақпарат нәтижесімен қамтамасыз ететін кері байланыс.

Мониторинг негізгі қызметі:
- Мақсат.
- Ұйымдастыру.
- Ақпарат өңдеу.
- Шешім қабылдау.
- Болжам жасау.

Ал, мониторингтің негізгі міндеті – мақсат пен нәтиже арасындағы айырманы азайту. Мониторинг тиімділігін арттырудағы маңызды талаптар – ақпараттың толықтылығы, нақтылығы, объективтілігі, үздіксіздігі, уақытында орындалуы, құрылымдылығы, үздіксіздігі, мониторингтің әр түріне арнайы жасалуы болып табылады.

Білім беру жүйесінде мониторингтің педагогикалық түрі қолданылады. Педагогикалық мониторинг дегеніміз білім беру жүйесінің қызметі туралы ақпаратты жинап, сақтап, саралап, таратуға және оның үздіксіз бақылап отыруға, даму болашағына болжау жасауға мүмкіндік беретін жұмыс жүйесі.

Педагогикалық мониторинг жасауға қажетті ақпаратты жинау мына бағыттардан жүзеге асырылады:

1) ақпараттың мазмұны.

2) ақпараттың сапасы.

3) ақпаратты басқаруда пайдалану.

Мониторинг жалпы педагогикалық ғылыми түсініктерге сәйкес кері байланыс, рефлексия деген ұғымды білдіреді. Педагогикалық мониторинг - қандай да бір объективтегі, құбылыстағы өзгерістерді ұзақ уақыт бақылау. Ең кең тараған анықтама: педагогикалық жүйе қызметінің даму мақсатындағы ақпараттарды жинақтау, сақтау, өңдеу, тарату.

Г.А.Стефановскаяның анықтамасы бойынша "Педагогикалық мониторинг, бұл – диагностика, баға және педагогикалық үдерісті жобалау, оның жүріс барысын, даму перспективаларын қадағалау".

Мониторингтің педагогика теориясына және практикасына енуіне әсер етуші факторлар мыналар болып табылады:

- Педагогикалық жүйедегі инновациялық процестер.
- Педагогикалық менеджмент.
- Педагогикалық диагностика.
- Педагогикалық тестілер.
- Білімдегі, тәрбиедегі, дамудағы жеткен жетістіктер.
- Шығармашылық қабілет.

Мониторингтің негізгі объектісі – білімділік және тәрбиелілік. Мониторингтің педагогикалық нәтижесі болып, білім құрылымындағы, оқу дағдысындағы, тәртібіндегі, қатынас жүйесіндегі тұлғаның бағытталуы болып табылады.

Педагогикалық – психологиялық нәтиженің сандық, сапалық бағалау өлшемі болып, оқу процесіндегі күтілетін нәтиже мен қызмет шарты белгіленген норм, эталон қабылданады. Норма мониторинг үшін ең негізгі шарт, өйткені нәтиже осы нормамен салыстырылады.

Педагогикалық мониторинг объектісі ретінде жетістіктерге жеткізетін оқу-тәрбие үрдісінің нәтижесі, құралы, технологиясы қабылданады. Педагогикалық мониторингтің негізгі қасиеттерінің бірі оқу-тәрбие үрдісінде үздіксіз бақылау жүргізу. Сондықтан да педагогикалық диагностика педагогикалық мониторингтің негізгі компоненті болып табылады.

Педагогикалық мониторинг – педагогикалық жүйе қызметінің нақты нәтижесі мен мақсат арасындағы нормадан ауытқуды ғана бақылаушы емес, мақсатта, нормада, стандартта кеткен кемшіліктерді анықтаушы, жетістіктерге жету жолдарын түзетуші мәліметтермен қамтамасыз ететін кері байланыс.

Мониторинг – үздіксіз үдеріс. Мониторинг жүйесі оқу жылы басталмай тұрып жасалып қоюға тиісті. Мониторинг пен бағалау ұқсастығы мақсатында, жұмыс жоспарына, штат кестесіне қатысты. Мониторингтің көп аспектісі бағалауға ұқсайды. Айырмашылығы орындау уақытында, кім орындайтындығында, сонымен бірге жиналған ақпараттың алуан түрлілігі мен нақтылығында.

Мониторингті жүргізгенде, шұғыл түрде белгілі бір ақпараттың көлемін таңдай аламыз және өңдей аламыз. Бақылаудың тиімді жаңа технологиясы уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Компьютерді пайдалану арқылы үнемі бақылауға болады. Бұл – мониторингтің тағы бір маңызды ерекшелігі. Мониторинг бойынша мұғалім кезекті тақырыптың бақылау жұмысының алдында әр оқушының өткен материалды қандай деңгейде меңгергенін қадағалап, үлгірмеушілермен қосымша жұмыс жүргізе алады. Мониторингтің мәні әр тоқсанның не әр тараудың соңында шыққан графиктен осы тұстағы алған білімінің кем тұстары мен жетістіктері айқын көрініп тұрады. Даму мониторингіне қарап, білім деңгейін оқушы өзі бақылап отырады. Мониторингтің басты ерекшеліктері мынада:

- оқушының белгілі бір тақырыпты төмендеу меңгергенін, аздау ұпай алғанын байқап, білімдегі олқылықты жою мақсатында тапсырмалар жүйесін ұсыну;
- шәкірт өз кемшілігін байқайды, өз тұрғыластарынан қалмау үшін не істеу керектігін аңғарады;
- өз зейінін тәрбиелейді;
- білім жүйелілігі мен тізбекті байқайды;
- ойланып оқуға дағдыланады;
- білім алуда жоспар, тезис құруға машықтанады;
- оқушының білім сапасын арттыруға жағдай туады.

Білімділік мониторинг – көп деңгейлік жүйе.

I деңгей (жеке, дара және дербес), оны мұғалім жүзеге асырады.

II деңгей – мектепішілік. Мұнда оқушы білімінің дамуын мекеменің әкімшілігі жүзеге асырады.

III деңгей – білім мекемелерінің даму динамикасын байқау. Оқыту ісіндегі маңызды жұмыстың бірі – оқушылардың пәндер бойынша алған білім деңгейлерін бақылау және тиісті дәрежеде бағалау.

Дәстүрлі білім беру технологиясы аумағында мониторинг идеясын толық көлемде жүзеге асыру мүмкін емес, себебі іс жүзінде бұл оқытушы жағынан еңбек пен уақытқа шексіз шығындардың жұмсалуын қажет етеді.

Білім беру үдерісін мониторингілеу – оқыту нәтижелілігінің қажетті шарты, нақты оқушы мен мұғалім іс - әрекетінің нәтижесін талдау мен мектептің даму болашағын болжаудың динамикалық жүйесі.

Жалпы білім сапасы көп айтылып жүрген бүгінгі шақта оқыту үдерісінің әр түрлі қырларын талдауда мониторингтік зерттеу таптырмас құрал болып табылады. Мониторингтік зерттеу нәтижесінде оқыту үдерісі туралы дәл, әділ тез ақпарат алуымызға болады. Оқыту үдерісін ұйымдастыру сапасының артуына септігін тигізетін мониторингті ұтымды қолдану білім алушының білімге деген қызығушылығы мен білігтілігін арттырады.

1. Занков В. Педагогикалық еңбектер жиынтығы, М. Просвещение 1990.
2. Сабыров Т.С. Оқушы жастардың танымдық әрекетін арттырудағы оқытудың әдістері мен формаларының дидактикалық жүйесін тиімді қолдануға мұғалімді даярлаудың теориялық негіздері: пед. ғыл. док. ... дисс.: 13.00.01. – Алматы, 1996. – 278 с.
3. Астафьева Н.Е. Теоретические основы дидактической системы информатизации педагогической деятельности преподавателей профессиональных учебных заведений: дисс. ... кан. пед. наук. − Санкт-Петербург, 1997. − 312 с.
4. Қаржы-экономика сөздігі. - Алматы: ҚР Білім және ғылым министрлігінің Экономика институты, "Зияткер" ЖШС, 2007. ЫСБН 978-601-215-003-2

ӘОЖ 378.018.43:004(574)

Б.Ғ. Бостанов, С.А. Усембаева

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПАПТЫҚ ОРТАЛАРЫ

(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

Бұл мақалада қашықтан оқыту жүйесі туралы кең мағлұмат берілген. Сонымен қатар, оның педагогикалық және ақпараттық технологиялары баяндалып, аспаптық орталарына мысалдар, қашықтан оқыту жүйесін дамытудың жолдарына талдау жасаған. Сонымен қатар, жоғары білімді дамытудың барлық сатыларындағы басты мәселелердің бірі қашықтан оқыту болып табылатындығы туралы айтылған. Қашықтан оқыту білім беру үдерісінде ең алдыңғы қатарлы дәстүрлі және инновациялық әдістемелер, компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделген оқыту құрал жабдықтары қолданылатын технология болып табылатындығы баяндалған.

В данной статье изложена информация о системе дистанционного обучения. Также, отмечена эффективность применения педагогических и информационных технологий, приведены примеры использования инструментариев. Вместе с тем, изложена основная проблема процесса развития всех этапов высшего образования при дистанционном обучении. В системе образования дистанционное обучение относится к традиционным и инновационным методикам, компьютерным и телекоммуникационным технологиям которые основаны на инструментальных технологиях обучения.

This article describes the system of distance learning education. The especial attention paid to the effectiveness of pedagogical and IT technologies, the examples of instructions are also given.

At the same time the information about the main problems of development of all stages of higher education using distance learning were expounded. In the education system the distance learning is the traditional and innovation techniques and the computer and telecommunications technology which based on instrumental technologies of learning.

Қашықтықтан оқыту тарихы XIX ғасырдың ортасынан басталады. Қашықтықтан оқытудың шетелдік және отандық тәжірибесі көрсеткендей бүгінде аккредитацияланған қашықтықтан оқыту сапа жағынан дәстүрлі оқытудан кем түспейтіні белгілі болып отыр. Қазірде қашықтықтан оқытудың әртүрлі білім беру сатылары үшін іске асырылып келеді.

Қазақстанда қашықтықтан оқыту, бүгінде, 20-дан астам оқу орындарында эксперименттік режимде жүргізілуде. Алайда, қашықтықтан оқыту бірде «оқыту формасы» ретінде, бірде «қашықтықтан оқыту технологиясын қолданып оқыту» ретінде жүзеге асырылуда

«Қашықтықтан оқыту» ұғымына ғылыми-әдістемелік әдебиетте әртүрлі анықтама берілген. Заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың үздіксіз дамуы қашықтықтан оқытудың әдістемелік жүйесінің, яғни мақсаты, мазмұны, әдістері, құралдары мен ұйымдастыру түрлерінің ақпараттандыру үдерісінің деңгейіне сәйкес болуын талап етеді.

Білімді ақпараттандыру мен қашықтықтан оқыту мәселелерін шешуде Қазақстанда Г.К.Нургалиева, С.С.Құнанбаева, Б.Б.Баймұханов, Е.У.Медеуов, Е.Ы.Бидайбеков, Т.О.Балықбаев, В.В.Гриншкун, Ж.К.Нұрбекова және т.б. ғалымдар елеулі үлес қосқан. Сонымен қатар, келесі шетел ғалымдарының С.Г. Григорьев, Е.С.Полат, И.В. Роберт, және т.б. ғалымдардың еңбектерін атап өтуге болады.

Қашықтықтан оқыту құралдары ақпараттандыру құралдары ретінде арнайы әдістемелік және технологиялық тәсілдерді талап етеді, ал бұл, өз кезегінде, оқытушылардың кәсіби құзырлықтарына қашықтықтан оқыту тиімділігіне әсер ететіндей маңызды талаптар қояды.

Қашықтықтан оқыту жүйелерінің стандартталған, қажет қызметтері толық қамтылған, қазіргі оқу орындарының жергілікті талаптарына сәйкес жасалынған қашықтықтан оқыту жүйесінің, сонымен қатар, қашықтықтан оқыту барысында ақпаратық-коммуникациялық технологияларға ғылыми түрде негізделген қолданбалы ресурстарды пайдалану әдістемесінің жоқтығы қашықтықтан оқыту бойынша педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін интеграциялап, әмбебап пайдалануға құзырлы оқытушыларды дайындауды қажет етеді.

Қашықтықтан оқыту кезінде студент пен оқытушы бір-бірімен кеңістік бойынша бөлінеді, бірақ әрқашан бір-бірімен байланыста болады, арнайы әдістер арқылы оқыту курсының құрылымын, бақылау формасын, қатынас әдістерін негізгі Интернет – технологиясы көмегімен ұйымдастырады.

Қашықтықтан оқыту – жаңа оқыту формасы (Е.С.Полат), ал қашықтықтан оқыту формасын анықтайтын негізгі факторлар:

− оқытушы мен студентті қашықтық бойынша, тым болмаса, оқу үдерісінің үлкен бөлігіне бөлу;

− оқытушы мен студенттің мүмкіндіктерін біріктіретін және курстың мазмұнын меңгеруге мүмкіндік беретін оқу құралдарын қолдану;

− оқытушы мен студент, курс басқарушысы мен студент арасындағы интерактивтілікті қамтамасыз ету;

− студенттердің өзін-өзі бақылау деңгейін арттыру болап табылады.

Қашықтықтан оқытудың дидактикалық құралдары – оқыту әдістері мен тәсілдері, материалдар, оқытушымен тікелей қатынас жасаудың шектеулігін ескеретін оқу танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру түрлері.

Қашықтықтан оқыту – оқыту субъектілерінің орналасуы кеңістік және уақыт бойынша индифференттелген, оқу құралдары, оқытушы мен студенттердің интерактивті (сұхбаттасу), асинхрондық немесе синхрондық өзара іс-әрекетінің мақсатты үдерісі.

Қашықтықтан оқытудың педагогикалық технологиялары – бұл электрондық дидактикалық құралдарды және телекоммуникацияны қолдану арқылы тікелей және тікелей емес қатынас жасаудың педагогикалық технологиялары болып табылады.

Қашықтықтан оқытудың ақпараттық технологиялары – оқу материалдарын жасау, беру және сақтау технологиялары, қашықтықтан оқытудың оқу үдерісін ұйымдастыру және сүйемелдеу; студентке оқу ақпаратын беру және оқытушы мен студенттер арасындағы қатынасты қашықтықтан ұйымдастыру әдістері.

Қашықтықтан оқытудың қалыптасуы мен дамуын талдауда қашықтықтан оқытудың келесі жетістіктерін анықтауға болады:

- қашықтықтан оқытуда оқу орны басқа оқу орындарымен қарым қатынаста болуы, қашықтықтан оқыту бірлестіктерінің құрылуы, оқу орындарының жергілікті, автономды, жеке ұйымдастырылған ақпараттық білім беру орталарының бірегей ақпараттық білім беру ортасына бірігуі;

- әртүрлі елдердің білім беру орындарына пайдалылығы, керектігі, қашықтықтан оқытудың білім берудегі тиімділігі;

- қашықтықтан оқытуда оқытушының ролі оқу ақпаратын тасымалдаушыдан, білім алушы топтың, жеке тәлімгердің жаттықтырушысы, жетекешісі қызметіне өтуі, білім алушының жеке өзіндік жұмыс үлесінің өсуі;

- білім беруде ақпараттандыру құралдарының қашықтықтан оқытуда қолданылуы, оның ішінде оқыту әдістері мен оқытуды ұйымдастыруда қолдану жаңа педагогикалық технологиялардың пайда болуы.

Оқу ақпаратының көлеміне байланысты, білімді қабылдап, ұғынудың дидактикалық және психологиялық шарттарын қанағаттандыру және тағы басқа қашықтықтан оқытудың мәселелерін шешуде қашықтықтан оқытудың арнайы прициптері мен педагогиканың жалпы принциптерін негізге алғанда ғана толыққанды жүзеге асады. Сонымен бірге бүкіл қашықтықтан оқыту жүйесін модельдеу негізіне де қарастырлыған дидакатикалық принциптер алыну қажет.

Е.С.Полат «қашықтықтан оқытудың педагогикалық технологиялары – таңдап алынған оқыту тұжырымдамасына сәйкес қашықтықтан оқу-тәрбиелік үдерісті жүзеге асыруды қамтамасыз ететін оқыту әдістері мен тәсілдері жиынтығы» - деп тұжырымдайды.

Қашықтықтан оқытудың әдістері, құралдары және формалары ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану негізінде оқытуды қамтамасыз ететін оқу үдерісін басқару құралдары мен әдістерімен бірге қашықтықтан оқыту технологияларын береді.

Қашықтықтан оқыту технологиясының құраушы бөліктерін қарастырайық. И.Я.Лернердің тұжырымдауы бойынша оқытудың ақпараттық-рецептивті; репродуктивті; мәселе туындату; эвристикалық; зерттеу әдістері бар. Ал, қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалану арқылы оқыту келесі түрлерге бөлінеді: бетпе-бет оқыту (Face-to-Face); аралас оқыту (Blended learning); компьютерлік желілердегі жедел қолжетімді оқыту (On-line); мастер класс (кеңес беруші басшылығының қол астында өздігінен білім алу) (Workshops); дәрежеге ие болу үшін университеттік курстар (Degree courses); орта білім алу үшін үлкендер үшін сырттай оқыту (Adult upper-secondary school).

Қашықтықтан оқытуда жалпы дидактикалық әдістер нақты ақпараттық-коммуникациялық оқыту мазмұнын, сабақтар түрін, оқыту құралдарын және т.б. өзіндік дидактикалық оқыту жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Оқытудың тиімділігін арттыру мақсатымен белсенді оқытудың келесі әдістері қолданылады: нақты жағдайларды талдау (кейс-кезең), мәселелік жағдайларды шешу; психологиялық тестілеу және тренингтер; топтық пікірталастар; сауалнама және сұхбат алу; іскерлік ойындар, компьютерді пайдалану; білімді бақылау және өзін-өзі бақылау; бір-бірін оқыту; көрнекілікті қолдану; оқу материалының мәселелік мазмұндамасы.

Қашықтан білім беру деген термин жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, істеп жүрген жұмысынан немесе оқудан қол үзбей білімді жетілдіру ісін жүзеге асыру деген мағананы білдіреді. Бұл сөздің мәнін тереңірек ашар болсақ қашықтан білім беру ісі оны жүзеге асыру бағытындағы әдістер мен тәсілдерді жете меңгеруге талпынғаннан көрі осындай мүмкіндіктер болашағын жете ұғынып, оның қажет екендігін түсінуден тұратынын байқауға болады.

Қоғам арасында қашықтан оқыту жүйесіне байланысты әртүрлі пікірлер қалыптасқан. Көпшілік халықтың пікірінше, қашықтан оқыту жүйесі бойынша алған білімнің дәстүрлі жүйеде оқи отырып меңгерген білімнен сапа жағынан төмен болатындығын алға тартады. Классикалық жүйеде студент оқытушымен жүзбе-жүз кездесе отырып, жеке сауалдарын қанағаттандыру үшін оқытушымен тәжірибе бөлісуге толықтай мүмкіндігі бар.Студенттің классикалық оқу жүйесінде зертханалық аудиторияларда химия, физика сияқты пәндерден жасалатын зертханалық жұмыстардан қашықтан оқу жүйесінде оқитын студенттің тыс қалатыны да белгілі. Классикалық оқу жүйесі,әрине қолданылу аясы кең алдыңғы басымдылықтағы оқыту жүйесі. Алайда, қашықтан оқыту жүйесі де қазіргі ақпараттандыру мен автоматтандыру кезеңінде заман ағынына сай жүйе болып табылады.

Қазіргі уақытта қашықтан оқыту жүйесінің қолданылу аясы елімізде әлі де болса кең етек ала қойған жоқ. Қашықтан оқыту жүйесінің қарқынды дамуы үшін:

- оқу орнында компьютерлік сыныптардың болуы және сол сыныптардың соңғы үлгідегі интерактивті-инновациялық құрал жабдықтармен қамтамасыз етілуі тиіс;
- ЖОО-да қашықтан оқыту курстары мен бағдарламалары жасалынған болуы тиіс;
- интернет желісіне қосылу төлемінің төмендетілуі.
- алыс-жақын шет елдердегі қашықтан оқытудың іс-тәжірибелерін үйрену және тиімді тұстарын пайдалануды іске асыру;
- қашықтан оқытудың арнаулы орталықтарын ашу;
- қашықтан оқыту әдістемелік құралдары, оқулықтарының, материалдардың тиімді болуы.

Жоғары білімді дамытудың барлық сатыларындағы басты мәселелердің бірі қашықтан оқыту болып табылады. Қашықтан оқыту білім беру үдерісінде ең алдыңғы қатарлы дәстүрлі және инновациялық әдістемелер, компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделген оқыту құрал жабдықтары қолданылатын технология болып табылады. Білім беру жүйесінде қашықтан оқыту гуманистік принциптерге сай келеді, жетіспеушілік салдарынан, географиялық, әлеуметтік қорғалмаған, білім беру мекемелерінде оқу мүмкіндігі жоқ немесе кәсіби не жеке іспен қолы бос емес болғанына қарамастан ешкім де оқу мүмкіндігінен айырылмайды. Қашықтан оқыту қоғамды ақпараттандыру және білім беру обьективті үдерісінің жалғасы ретінде басқа оқыту түрлерінің жақсы жерлерін пайдалана отырып, анағұрлым болашағы бар, синтетикалық, гуманистік, интегралды білім алу формасы ретінде XXI ғасырға аяқ басты.

1. Нұрбеков Б.Ж. Қашықтықтан оқыту бойынша оқытушылардың кәсіби құзырлылығын қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық негіздері. П.ғ.д. үшін дайындалған дисс. авторефераты. − Алматы, 2010. – 45б.
2. Дистанционное обучение (опыт реализации в ВКГТУ); научное издание / Г.М. Мутанов [и др.]; МОН РК, Восточно-Каз. гос. техн. ун-т им. Д.Серикбаева. - Усть-Каменогорск: ВКГТУ, 2006.
3. Баюк О.В. Математическое и программное обеспечение системы дистанционного обучения и контроля: автореф. дис на соиск.учен.степ.канд. техн. наук // Рудный: [б. и.] 2010.

ӘОЖ 378.016.7:51 (574)

Гуо Жидоң*, Қ. И. Қаңлыбаев, Ж.Д. Байшемиров**, Ә. Әбілдаұлы***

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕЙІНІН ЖЕТІЛДІРУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

(-Құлжа қ., ҚХР, Іле педагогикалық институты,*
***-Алматы қ.,Абай атындағы ҚазҰПУ)*

Соңғы жылдары математиканы орта мектепте оқытуда бағдарламаның ізімен ілгерілеп, оны орындауға күш салып, белгілі дәстүрлі білімдерді көп айтып, оқушыларға қажетті қабілет пен зейінін жетілдіруге баса назар аудармай, жалпы тұлғаны есінен шығарып, аз санды «белсенділерге» ғана мән беріп, солардың білгенін бүкіл сынып оқушыларының білгені ретінде қабылдайтын жағдайлар көп кездеседі. Сонымен бірге қазіргі орта мектептерде қолданылып жүрген біртұтас математика оқулығының мазмұны терең, онда дидактикалық принциптер жөнді ескерілмеген, жоғары математиканың біраз элементтері 8-сыныпқа дейін қолданылып кеткен. Оның үстіне оқулықта бір ізділік, пәнаралық байланыстар ескерілмеген мазмұны терең оқулықтың барлық жерінде өз орнында дұрыс қолданылып тұрған жоқ. Оқулықта әлі де мазмұндық, емілелік, т.б. қателіктер кездеседі.

В последние годы процесс обучения математике продвигается согласно программе, вкладывается много сил во исполнения программы обучения, и много обсуждаются нетрадиционные виды обучения, но на возможности и способности школьников никто не обращает должного внимания, забыв о личности, особое внимание уделяется лишь тем «активистам», которые по их мнению дают хорошие оценки и знания за всех остальных учеников. Также содержание современных учебников по математике очень глубокие, не учтены дидактические принципы, в учебниках по 8-ые классы используется элементы высшей математики. Вместе с тем, в учебниках не сохраняется системность и межпредметные связи. В учебниках все еще допускаются ошибки по содержанию, по грамматике.

In recent years, the process of teaching mathematics is moving according to the program, will invest a lot of power in the execution of training programs, and much discussed traditional education, but to the needs and abilities of students, and no one is paying enough attention, forgetting the individual, special attention is paid only to those "activists" that they believe give good grades and knowledge for all other students. The content of modern mathematical textbooks are very deep, are not considered didactic principles in textbooks on 8th class uses elements of higher mathematics. However, the textbooks are not considered systemic and interdisciplinary communication. The textbooks are still necessary to correct errors in content, grammar, etc.

Ғылым мен техниканың қорыштап дамуына байланысты жаңа білімдерді дер кезінде қабылдау, оны оқушыларға жеткізу қажет-ақ. Алайда іс жүзінде мұғалімдер мына мәселеден арыла алмай келеді.

<u>Біріншіден</u>. Көптеген мұғалімдер математиканы оқытуда бір сарындылықтан құтылмай жұмысына ешбір жаңалық ендірмей ескі сарынмен оқытып жүр. Оқушыларды теорияны өлі жаттауға итермелеп, ой жүгіртуге, мәселенің мазмұнын түсінуге баса назар аудармайды [1].

